


АНА ТІЛІ

Ұлт Таза тілі

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады



Бауырластар қамын ойлаған...

Қытай жеріндегі қазақтар саны 2 миллионға жетіп жығылады. Олардың Қазақстанмен рухани, мәдени байланыстары нығая түскендігі белгілі. Тәуелсіз Қазақстанның қуатының артуы қандастарымыздың тарихи Отанына қайтуына мүмкіндіктер тудырды. Соңғы жиырма жыл шамасында Қытайда өмір сүрген жарты миллиондай қазақ елге оралды. Өкінішке орай кейінгі 5-6 жылда осы ұлы көш тоқтаңқырап тұр. Сондықтан Қазақстанның зиялы қауымы Қытай қазақтарына елдің рухани жетістіктерін неғұрлым кеңірек уағыздап, насихаттағаны маңызды. Шет елдегі қандастарымыз да ұлттық құндылықтармен ұдайы қауышуы керек. Бұл жұмыстың әлеуметтік, тәрбиелік-мәдени маңызы зор. Қазақтың қазақ болып қалуы, ұлттың бірегейленуі мен топтасуы халықтың рухани, тілдік және мәдени жақындасуы арқылы болатын құбылыс.

Осы тұрғыдан қарастырғанда белгілі әдебиеттанушы-ғалым, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Тұлғатану» орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Салтанат Изтілеуованың «Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі» атты жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралының Шыңжаң Ұйғыр автономиялық районының орталығы Үрімші қаласының Халықтар баспасында жарық көруін үлкен табыс деп бағалауға болады. Кітап 3000 дана болып басылыпты. Ғылыми зерттеу үшін қазіргі заманда бұл аз таралым емес.

Қытай мамандары мен баспагерлерін қызықтырған кітап тақырыбының өзектілігін айтсақ, барлық мемлекеттер мен халықтар үшін қазіргі адамды, тұлғаны тәрбиелеу ең көкейкесті әлеуметтік мәселелер қатарында. Адам дұрыс болса ғана қоғам дұрыс болатыны ақиқат. Осы тағдырлық мәселені шешуде Абай мен Шәкәрімнің рухани мұрасын игерудің пайдасы ұшан-теңіз. Ұлы ақындар шығармаларында қазақ ұлтының ғасырлар бойында қалыптасқан ең озық гуманистік әлеуеті мен дүниетанымы жинақталған. Олар классикалық мән-мазмұнға, жалпыадамзаттық ізгілік мұраттарына толы. Екі ойшылдың тәрбиелік қағидаттары адам бойындағы ұнамсыз, кертартпа, зиянды қылықтардың барлығымен белсенді күресуге мүмкіндік туғызады.

Қытайдағы қандастарымызға арналып төте араб жазуымен басылып шыққан Салтанат Далбайқызының еңбегінде Абай мен Шәкәрімнің адам тәрбиесіне қатысты ой-

пікірлері мен ұстанымдары талданып қана қойылмайды. Олар оқырманға түсінікті түрлі сызбалар мен диаграммалар түрінде де жеткізіледі. Мысалы, жан мәселесіне байланысты «жан аффектілері» ұғымы рахат, қуаныш, қызғаныш, күйіну, жабырқау, ашу сияқты мінез-құлықтардан тұратындығы сызбамен көрнекі және ұғынықты түсіндіріледі. Абай мен Шәкәрімнің күрделі ойлары осындай тиімді тәсілдермен оқырман санасына оңтайлы жеткізіледі. Қазақтың екі ойшыл ақындары өмір сүрген қазақ қоғамы бүгінгі күнге ұқсамайды. Қоғамдар мен заманалар алмасқан. Алайда ұлы қазақ ойшылдары көтерген мәселелер – адамзат үшін мәңгілік мәселелер. Демек, оларды бүгінгі ұрпаққа насихаттау, түсіндіру және тәрбиелік-идеологиялық жұмыста пайдалану Қазақстан қоғамы үшін зәрулік. Біз сөз етіп отырған Салтанат Ізтілеуованың еңбегі осындай қажеттілікті қанағаттандыра алған деп айта аламыз. Бұл еңбекте әдеби талдау, поэтикалық зерттеу элементтері оқу-әдістемелік міндеттерді шешуге бағындырылған. Сондықтан кітаптың тәрбие үрдісі үшін қолданбалық сипаттағы маңызы зор. Мысалы, автор Абай мен Шәкәрімнің ұлтты адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты негізгі идеяларын іріктеп алады. Осы идеялардың адам тәрбиесіндегі қағидаттық мән-мағынасын және орнын анықтайды. Абайдың «толық адам», Шәкәрімнің «шын адам» тұжырымдамаларында көрсеткен тұлғалық деңгейге жету үшін қандай тәрбиелік және тәлімдік сатылардан өту керек екендігін автор көрнекі мысалдар арқылы түсінікті етіп береді. «Жақсылықтың бастауы адамгершілік жақсы мінез-құлықтан және ақыл күшінен басталады» дейді Абай. Ал мінез-құлық адамның әрекеті мен әдетінен көрінеді. Демек, мінез бен ақыл бірігіп адамгершілік әрекетке бастайды.

Кітапта осындай қағидаттар мен идеялық ой-пікірлер бірінен-бірі туып жалғасып отырады. Автор қарапайым түсініктерден күрделі түсініктерге қарай ұдайы жылжып отырады. Еңбектің осы сапасы оны оқырманға жақын және түсінікті ете түседі. Абайдың қара сөздері, Шәкәрімнің пәлсафалық шығармалары бірін-бірі толықтырып, өзара үндесе отыра көтерілген мәселелерге байланысты қолданылады.

Еңбек екі тарау және сегіз тараушадан тұрады. Кітаптың құралымы оның мазмұнын қисындық бірлікте, ой-толғамдармен негізделіп, қысқа және ұғынықты баяндауға мүмкіндік берген. Зерттеудегі темірқазық идея – тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу. Абай да, Шәкәрім де адамды түзеуді, оның адами саналарын тәрбиелеуді адамзатты түзеудің кілті деп біледі. Автордың мақсаты да осы тағдырлық идеяны халыққа жеткізу болса, еңбек осы үдеден шыққан деп бағалаймыз.

Серікқазы Қорабай,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің меңгерушісі